



## Тауарларды сатып алу туралы шарт № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "ИНКАЙ" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан \_\_\_\_\_, негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_, негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және \_\_\_\_\_ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

### 2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші Шарт жасалған және Өнім беруші алдын ала төлеуге шот ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және осындай күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей, қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжат негізінде ресімделген шот-фактуралар;

2.5.3. Қордың веб-порталында электрондық құжат түрінде жеткізілген Тауарлардың Тараптар қол қойған актісі (лері) (бұдан әрі - Қабылдау-тапсыру актісі) - қоса берілген қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжатқа сәйкес "айналым күні" ретінде көрсетілген. Тауарды өткізу бойынша айналым жасалған күн Тауарды жеткізу орнында Тапсырыс берушінің қолына іс жүзінде берген күн болып есептеледі және жеткізу орнына тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың келіп түскен күнімен расталады;

2.5.4. Тараптар қол қойған тауарды босатуға арналған жүкқұжат.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қабылдау-беру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.





### 3. Жеткізу мерзімі және шарттары

- 3.1. Жеткізуші Тауарды Шарттың №1, №2 қосымшаларына, А қосымшасына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімде жеткізуге міндетті.
- 3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-тапсыру актісі(лері) бойынша және Шартқа №1, №2, А қосымшаларына сәйкес саны мен сапасына қарай тапсырылады. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі заң актілеріне немесе шартқа сәйкес Жеткізуші Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелген сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.
- 3.3. Егер Шартқа №1, №2 және №А қосымшаларда Тапсырыс берушінің өтінімдері негізінде Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тауарды жекелеген партиялармен жеткізу көзделсе, онда тауарлар Тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген мерзімдер мен мөлшерде жеткізілуі тиіс. Жеткізуші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған және/немесе толық көлеміне өтінім беруді және тиісінше оның төлемін талап етуге құқылы емес.
- 3.4. Тауарды партиялармен (бөліктермен) жеткізген жағдайда Тапсырыс беруші Тауардың тиісті партиясын (бөлігін) сапасы, саны, атауы және ассортименті бойынша қабылдауды жеткізілген тауар партиясына сапа сертификаттарына, МЕМСТ-қа және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген техникалық шарттарға, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына, Шартқа №1, №2 және А қосымшаларына сәйкес жүргізеді.

### 4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

#### 4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

- 4.1.1. Тауарды Шарттың және өз өндірісінің талаптарына сәйкес жеткізуге. Сатып алынған тауардың партиясына/сериясына сатып алынған тауардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті актіге, СТ-KZ нысанындағы сертификатқа (түпнұсқасы, нотариалды куәландырған көшірмесі не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі) тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің ұсынуы осы міндеттеменің орындалуын растау болып табылады. СТ-KZ нысанының сертификаты (тары) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) ұсынылуы тиіс;
- 4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:
- 4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеуге (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.
- 4.1.2.2. Сатып алынатын Тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанының сертификаты (түпнұсқасы, нотариалды куәландырған көшірмесі немесе ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі).
- 4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.
- 4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.
- 4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға міндеттенеді.
- 4.1.6. Шартқа № 4 қосымша "Инкай" БК "ЖШС-ның жеткізушілері мен мердігерлерінің кодексінде" нысаны көзделген, Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде толтырылған Сауалнаманы (Жеткізушінің басшысы қол қойған түпнұсқаның сканерленген нұсқасы) ұсыну.

#### 4.2. Өнім беруші құқылы:

- 4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;
- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.
- 4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

#### 4.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

- 4.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.
- 4.3.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді





негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі Тауарды алуға.

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

## 5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық сипаттамаға және Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 30 (отыз) күні ішінде ұсынады. Егер Өнім беруші 10 ( ) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) хабарлама алған кезден бастап жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдады деп есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

## 6. Кепілдік және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 36 (отыз алты) ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талаптарды алған сәттен бастап 15 (он бес) ішінде өз есебінен ақаулы Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстыру сәтінен бастап басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші төлейді.

6.4. Егер Тауарды ауыстыру Өнім берушінің кінәсі бойынша кешіктірілген болса, кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.


6.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе Жеткізушінің бастамасы бойынша оның техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін Тауарға техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Осы сынақ бойынша барлық шығындарды, сынақ қай Тараптың бастамасы бойынша жүргізілген болса Шарттың сол Тарапы көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен дайындаушы зауытта және/немесе межелі жерде Тауарға сынақ жүргізу қажеттігі туралы хатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз өкілдерін сынақ жүргізуге қатысуы туралы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

6.6. Егер көрсетілген сынақтар Жеткізушінің аумағында жүргізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне қажеттінің барлығы беріледі және Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге қолдау көрсетеді.

6.7. Егер Тауарға техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүзеге асыру кезінде оның Шартта көзделген ерекшелікке (Шартқа № 1 және № 2, №А қосымша) сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші одан бас тарта алады және Жеткізуші мұндай Тауарды Шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін Тауарға Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті актіге қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде ауыстыруды жүргізеді.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.





## 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.2.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 (он) % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Осы Шартты орындау үшін қажетті жеткізілетін Тауарға қатысты қандай да бір жұмыстар жүргізілген және/немесе қызметтер көрсеткен жағдайда (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей - Тапсырыс берушінің аумағында инсталляция, теңшеу, тестілеу, қызметкерлерді оқыту және т. б.):

7.2.7.1. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,05% мөлшерінде, бірақ алғаш рет анықталған әрбір бұзушылық үшін кемінде 25000 (жиырма бес мың) теңге айыппұл төлейді. Әрбір қайта анықталған бұзушылық үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ кемінде 50000 (елу мың) теңге айыппұл төлейді.

7.2.7.2. Экологиялық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарын бұзғаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,3% мөлшерінде, бірақ анықталған әрбір бұзушылық үшін кемінде 150 000 (жүз елу мың) теңге айыппұл төлейді.

7.2.7.3. Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында да, жұмыстан тыс уақытта да (БӨП-да ұстап қалуды қоса алғанда) алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уытты мас күйінде Жеткізушінің қызметкерлерін анықтағаны үшін Жеткізуші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 0,3%, бірақ әрбір бұзушылық үшін кемінде 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

## 7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері ШАРТ сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

## 8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім





берушіні таңдау үшін негіз болған, өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе ұсыныстардың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.4.1. шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде;

8.4.2. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда;

8.4.3. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.5. Тапсырыс беруші шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен және тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бас тартуға құқылы

8.8. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім беруші Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.9. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.10. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнгізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.11. Жеткізушіні комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнгізбелік күн бұрын Жеткізушіні бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, Тапсырыс берушінің осы Шартты орындаудан кез келген уақытта біржақты тәртіппен бас тартуға құқығы бар.

## 9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және





қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мәртәбаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

## 10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және Тараптар міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

## 11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.


13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.





13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде шарт тараптары шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Тапсырыс беруші Шарттың орындалуы барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды Жеткізушіден сұратуға құқылы.

13.10. Осы Шарттың 13.5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тарапқа ұсынуға міндетті.

13.11. Жеткізушіде Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында көрсетілген байланыс арналары арқылы хабарлама жібере алады.

13.12. Тапсырыс беруші осы Шарттың орындалуына байланысты Жеткізушінің қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндеттенеді және оны өз бетінше немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

13.13. Жеткізуші хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіден көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізу күнін растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап Жеткізушінің қызметкерлерімен осы Шартты жасасу, орындау, бұзу шеңберінде немесе оған байланысты сұхбаттаса алады.

13.14. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Тапсырыс беруші Жеткізушіні сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатысуын, Жеткізушінің, оның акционерлерінің / құрылтайшыларының / қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған тұлғалар тізімінде болуын қоса алғанда, ынтымақтастықтан/теріс ақпараттан/өзге де мәліметтерден бас тарту үшін негіздердің бар-жоғын тексереді.

13.15. Егер тексеру нәтижесінде Жеткізушінің өзіне берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Жеткізуші көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауға және Тапсырыс берушіні осындай шаралар туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шаралар Жеткізуші өз есебінен қабылдауы тиіс.

13.16. Егер Жеткізуші тексеру жүргізуден бас тартқан немесе сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдамаған немесе сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы біржақты соттан тыс тәртіппен осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.


#### 14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен бөлшектері туралы ақпаратты Тапсырыс беруші банк-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

#### 15. Санкциялық шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Жеткізушінің кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім арта отырып, жеткізуші: (А) Жеткізуші де, оның аффилирленген тұлғалары да, Жеткізушінің барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне енгізілмегеніне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі) санкциялар тізіміне, CAPTA (List of Foreign financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе түпкілікті төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы басқаратын (Office of Foreign Assets control of U. S. Department of the Treasury) NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – санкциялар тізімі, SDN-ге негізделмеген), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген





басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Жеткізушінің Шартпен келісуі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайды; (b) Жеткізуші Шарт бойынша және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалу күніне дейін – Жеткізушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасауға пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттар ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын оларға қатысты активтерді мұздату режимі қолданылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың Жиынтық тізбесіне (Consolidated List of persons, groups entities and subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританияда қаржылық санкцияларды жүзеге асыру бойынша Басқарманың (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) Жиынтық нысандар тізіміне, және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы ерекшеленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі) тізіміне, CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent or Payable-Through Account Sanctions - коореспонденттік шотты немесе өтпелі төлемі бар шотты ашу және жүргізу тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ға негізделмеген санкциялар тізімі) енгізілмегеніне; (c) осы Шартқа Жеткізушінің атынан қол қоятын тұлға (a) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне енгізілмегеніне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі) санкциялар тізіміне, CAPTA (List of Foreign financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – коореспонденттік шотты немесе түпкілікті төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы басқаратын (Office of Foreign Assets control of U. S. Department of the Treasury) NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – санкциялар тізімі, SDN-ге негізделмеген), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

15.2. Егер Жеткізушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Жеткізуші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Жеткізушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл еместігіне байланысты немесе нәтижесінде туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданған немесе қандай да бір қолданыстағы санкциялық актіге өзгерістер енгізілген жағдайда немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданыстағы Санкциялық Актіні ("Жаңа Санкциялар") қолдану аясы кеңейген немесе өзгеше түрде өзгерген жағдайда және мұндай жаңа санкциялар: (a) Тараптың ақылға қонымды және негізделген қорытындысы бойынша екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе елеулі түрде қиындатуы мүмкін және/немесе (b) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға тұрақты қол жеткізу мүмкін еместігіне әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін; және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/жұмысты орындауды бұзуға немесе тоқтатуға әкеп соқтырса. (d) сақталуы Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың кез келгенінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соқса; және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырса немесе тиісті рейтингтік агенттің жазбаша нысанда расталған осындай төмендеу ықтималдығы бар болса (бірге – "Жаңа Санкциялардың Салдары"), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі "Санкциялар туралы хабарлама" деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапқа бұл туралы дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді.


15.4. Санкциялар туралы Хабарламалар ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын ашық талқылау және келісу үшін, сондай-ақ Осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда, Жаңа Санкциялардың мұндай теріс ықпалын болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді ("Адал келіссөздер").

15.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде, Тараптар 5 жұмыс күні ішінде өздері келіскен шараларды іске асыру үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, не олар келіскен өзге мерзім ішінде Жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар Адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген кезде, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа ("Тыйым салынған Тарап") келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама ("Келісімге қол жеткізбеу туралы хабарлама") жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай Хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не өзге валютада жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкцияларға байланысты өзге де түрде орынсыз болған жағдайда, 15.8-баптың ережелері егер Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берсе басым тәртіппен қолданылуға жатады, және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолданылмайды.

15.8. Тараптар осы арқылы халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез





келген төлемдерді АҚШ долларымен не өзге валютада жүзеге асыру Жеткізуші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, Тапсырыс беруші Жеткізуші бұл туралы жазбаша нысанда және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны [Тараптар келісетін өзге валютаны] ("баламалы валюта") және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін бірлесіп жазбаша нысанда келіседі, Тараптар бір-біріне табысты жүргізу үшін барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді келісілген валютадағы төлемдер.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ қолданылған жағдайда), Тараптар осындай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсатында осы сомалар төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) сайтында валюталардың бағамдары [басқа елдің баламалы Ұлттық Банкіні көрсету] туралы ақпаратты жарияламаса тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) АҚШ долларына қайта есептелетініне келіседі.

## 16. Басқа шарттар

16.1. Шарт орыс және қазақ тілдерінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) түпнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды. Мәтіннің мағыналық мазмұнында сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, осы Шарттың орыс тілінде жасалған мәтіні артықшылыққа ие болады. Тараптар алмасатын шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

16.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады. Осы шартқа қол қою арқылы Тараптар осы Шарттың талаптарымен және оған барлық қосымшалармен танысқанын және оларды орындауға келісетінін растайды.

16.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және реттеледі.

16.4. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз құқықтарын немесе міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

16.5. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттаманың құрамына мыналар кіреді:

16.5.1. А қосымшасы;

16.5.2. № 1 қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі;

16.5.3. № 2 қосымша – Техникалық сипаттама;

16.5.4. № 3 қосымша – Тауарлардағы елішілік құндылық бойынша есептілік;

16.5.5. № 4 қосымша – «Инкай» БК» ЖШС Өнім берушілері мен мердігерлерінің кодексі.

16.5.6. Б қосымша – Тауарды (ларды) қабылдап алу-тапсыру актісі.

16.6. Осы Шартты құрайтын құжаттарды Тараптар бір-бірінің мәнін ашатындай қабылдайды. Құжаттарда сәйкессіздіктер болған жағдайда мынадай басымдық белгіленеді:

16.6.1. Осы Шарт;

16.6.2. № 1 қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

16.6.3. № 2 қосымша-техникалық ерекшелік;

16.6.4. А қосымшасы;

16.6.5. Б қосымша – Тауарды (ларды) қабылдап алу-тапсыру актісі;


16.6.6. № 3 қосымша – Тауарлардағы елішілік құндылық бойынша есептілік;

16.6.7. № 4 қосымша – "Инкай" БК" ЖШС Жеткізушілері мен мердігерлерінің кодексі.

## 17. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"ИНКАЙ" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі  
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз а.,  
Д. Қонаев, 80  
БСН 960340001136

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
БИН \_\_\_\_\_  
БИК \_\_\_\_\_





Құжат «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған  
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

БСК СІТІКЗКА  
ЖСК KZ7383201T0200211006  
"Ситибанк Қазақстан"  
Тел.: +7 (725) 299-7182


ИИК \_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатпен бірдей


Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

| жолдың<br>РБ<br>№ | Аталуы және қысқа<br>сипаттамасы                                                       | Қосымша<br>сипаттама                                    | Жалпы<br>саны | Саны  | Өлшем<br>бірлігі | Бірлік<br>бағасы  | ҚР ҚҚС<br>белгісі | Сомасы            | Жеткізу<br>орны                        | Жеткізу<br>шарттары | Жеткізу<br>мерзімі                                                 | Төлем<br>шарттары                                                       |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|---------------|-------|------------------|-------------------|-------------------|-------------------|----------------------------------------|---------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| 1690-2 Т          | Автомобиль,<br>мамандандырылған,<br>ұңғымаларға геофизиялық<br>зерттеулер жүргізу үшін | Жалпы<br>сипаттамалар:<br>гидравликалық жүк<br>көтергіш | 1.000         | 1.000 | Дана             | 214 285<br>714.29 |                   | 214 285<br>714.29 | ҚАЗАҚСТАН,<br>Шымкент қ.,<br>г.Шымкент | DDP                 | Шартқа қол<br>қойылған<br>күннен бастап<br>150 күнтізбелік<br>күні | Алдын ала<br>төлем - 30%,<br>Аралық төлем<br>- 70%, Соңғы<br>төлем - 0% |





### Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.





Тауарларды жеткізу жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

| №<br>р/с | Жеткізуші | ТЖҚ<br>БНА<br>коды<br>* | Сатып алынған<br>тауарлардың<br>аталуы және<br>қысқа<br>сипаттамасы | МӨБЖ сәйкес<br>өлшем<br>бірліктердің<br>коды | Сатып алу<br>көлемі                      |                  | СТ-KZ сертификаты |       |                            |                  |                  |                               | Тауардың<br>шыққан<br>елінің коды | Тауарда<br>елішілік<br>құндылықты ,<br>теңгемен | Шартта<br>елішілік<br>құндылықты ,<br>% |
|----------|-----------|-------------------------|---------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|------------------------------------------|------------------|-------------------|-------|----------------------------|------------------|------------------|-------------------------------|-----------------------------------|-------------------------------------------------|-----------------------------------------|
|          |           |                         |                                                                     |                                              | 5-бабы<br>бойынша<br>өлшем<br>бірлігінде | ақшалай<br>мәнде | №                 | Серия | Берген<br>органның<br>коды | Берілген<br>жылы | Берілген<br>күні | Елішілік<br>құндылық<br>үлесі |                                   |                                                 |                                         |
| 1        | 2         | 3                       | 4                                                                   | 5                                            | 6                                        | 7                | 8                 | 9     | 10                         | 11               | 12               | 13                            | 14                                | 15 (7*13/100%)                                  | 16<br>(Σ15/Σ7*100%)                     |
|          |           |                         |                                                                     |                                              |                                          |                  |                   |       |                            |                  |                  |                               |                                   | 0,00                                            | x                                       |
|          |           |                         |                                                                     |                                              |                                          | 0,00             |                   |       |                            |                  |                  |                               |                                   | 0,00                                            | 0,00%                                   |

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.


11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





## Договор о закупке товаров № \_\_\_\_\_

г. \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 г.

